

Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 1997 жылы туған ер азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2013 жылғы 22 қарашадағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 желтоқсанда № 2469 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2014 жылғы 26 қарашадағы N 01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 26.11.2014 N 01 (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына сәйкес, Шет ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 1997 жылы туған ер азаматтарды тіркеу, 2014 жылдың қаңтар айынан наурызына дейін ұйымдастырылсын.

2. Шет ауданының ауылдық округтер мен кент әкімдері ұландардың Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне комиссияға ұйымдастырушылық және міндетті келуін қамтамасыз етсін.

3. Шет ауданы әкімінің 2012 жылғы 26 қарашадағы "2013 жылы шақыру учаскесінде есепке тіркеуді ұйымдастыру туралы" № 01 шешімі жойылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шет ауданы әкімінің орынбасары А. Әбілдинге жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі:

Р. Әбдікерев

КЕЛІСІЛДІ:

Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген

бөлімінің бастығы

Н. Әбдікешев

22.11.2013 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК